**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және "Ішкі және сыртқы нарықтарда азық-түлік тауарларына баға бойынша ахуалдың мониторингі, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі нарықты қорғау және азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 11 қаңтардағы № 6-ө өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 тамыздағы № 911 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және «Ішкі және сыртқы нарықтарда азық-түлік тауарларына баға бойынша ахуалдың мониторингі, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі нарықты қорғау және азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 11 қаңтардағы № 6-ө өкіміне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 4 тамыздағы
№ 911 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және «Ішкі және сыртқы нарықтарда азық-түлік тауарларына баға бойынша ахуалдың мониторингі, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі нарықты қорғау және азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 11 қаңтардағы № 6-ө өкіміне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру

1. «Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілдері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі № 838 қаулысында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) төрағасы Мәжіт Төлеубекұлы Есенбаев және Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) төрағасының орынбасары Еркеғали Амантайұлы Әлімқұлов Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілдері болып тағайындалсын.».

2. «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 540 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі Марат Әпсеметұлы Құсайынов және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Анатолий Валерьевич Шкарупа Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері болып тағайындалсын.».

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.04.2013 № 365 қаулысымен.

4. «Ішкі және сыртқы нарықтарда азық-түлік тауарларына баға бойынша ахуалдың мониторингі, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі нарықты қорғау және азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 11 қаңтардағы № 6-ө өкімінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|---|---|
| Есенбаев Мәжіт Төлеубекұлы | - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) төрағасы, жетекші |
| Хасенов Сақташ Сатыбалдыұлы | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, жетекшінің орынбасары |
| Әбсаттарова Маржан Несіпбекқызы | - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) Тауар нарықтарының мониторингі және талдау департаментінің директоры, хатшы |
| Әлімқұлов Еркеғали Амантайұлы | - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) төрағасының орынбасары |
| Жақсалиев Бақытжан Мұхамбетқалиұлы | - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі |

Жарқынбаев Жасер Әзімханұлы - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының орынбасары

Сүлейменов Тимур Мұратұлы - Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі

Шкарупа Анатолий Вальерьевич - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары

Қазыбаев Айдар Қалымтайұлы - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Сауда комитетінің төрағасы

Сәду Асқар Әнетұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің төрағасы

Сәтбаев Рыскелді Ахметқалиұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы

Тыныбеков Қайрат Сағатханұлы - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы

Әшіханов Нұржан Әмірғожаұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары

Қыпшақов Арғын Мықтыбайұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының орынбасары

Алдаев Наиль Файзрахманұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі директорының орынбасары (келісім бойынша)

Дворецкий Владимир Яковлевич - «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының Қазақстан Республикасының Үкіметіндегі ресми өкілі (келісім бойынша)

Дүйсебаев Мұхамеджан Жұмабекұлы - Қазақстан Астық одағының атқарушы директоры (келісім бойынша)

Ган Евгений Альбертович - Қазақстан астық өндірушілері мен нан пісірушілер одағының президенті (келісім бойынша)

Палташева Манавар Тұрсынқызы - Қазақстан кәсіпкерлері форумының атқарушы директоры (келісім бойынша)

Попелюшко Анатолий Висханович - Қазақстан тағам және қайта өңдеу өнеркәсібінің тауар өндірушілер одағының президенті (келісім бойынша)

Қайыржанова Ботагөз Ержанқызы - Қазақстанның сауда кәсіпорындары қауымдастығы директорының орынбасары (келісім бойынша)

Қуанғанова Гүлнар Шаймұратқызы - Қазақстан кәсіпкерлері форумы атқарушы директорының орынбасары (келісім бойынша)

Ахмеджанова Айгүл Төлеуғазықызы - «ҚазАгроМаркетинг» акционерлік қоғамының Басқарма төрайымы (келісім бойынша)».

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК